

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі**

**«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы»**

**ШЖҚ РМК**

**2016 жылға арналған**

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын  
жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолу**

**2017 жыл**

## МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе</b> .....	<b>4</b>
<b>1. Жалпы мәліметтер</b> .....	<b>6</b>
1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат .....	6
1.2 Қалдықтарды басқару саласындағы Қазақстан Республикасының іс-шаралары.....	7
<b>2. Өндіріс және тұтыну қалдықтары</b> .....	<b>14</b>
2.1 Республика бойынша жалпы ақпарат .....	14
2.2 Республика полигондары бойынша статистика .....	18
2.3 Қалдықтарды өңдеу технологиясы .....	20
<b>3. Медициналық қалдықтар</b> .....	<b>30</b>
3.1 Жалпы ақпарат .....	30
3.2 Кәдеге жарату әдістері .....	31
3.3 Республика бойынша медициналық қалдықтар статистикасы .....	29
<b>4. Жойылуы қиын органикалық лаастауыштар</b> .....	<b>33</b>
4.1 ЖҚОЛ ұсынатын қауіптілік .....	33
4.2 Стокгольм конвенциясы .....	34
4.3 ЖҚОЛ көздері .....	35
4.4 Республика бойынша ЖҚОЛ статистикасы .....	35
<b>5. Республикада қалдықтарды басқару бойынша аймақтардағы жағдай</b> .....	<b>43</b>
5.1 Ақмола облысы .....	43
5.2 Ақтөбе облысы .....	51
5.3 Алматы облысы .....	57
5.4 Атырау облысы .....	62
5.5 Шығыс Қазақстан облысы .....	66
5.6 Жамбыл облысы .....	84
5.7 Батыс Қазақстан облысы .....	99
5.8 Қарағанды облысы .....	102
5.9 Қостанай облысы .....	108
5.10 Қызылорда облысы .....	127
5.11 Маңғыстау облысы .....	130
5.12 Павлодар облысы .....	134
5.13 Солтүстік Қазақстан облысы .....	138
5.14 Оңтүстік Қазақстан облысы .....	142
5.15 Алматы қ .....	156
5.16 Астана қ. ....	159
<b>6. Қалдықтарды өңдеу секторының инвестициялық тартымсыздығы</b> .....	<b>162</b>
<b>7. Қалдықтардың мемкадастры бойынша ҚОҚ БАЖ АЖ талдау</b> .....	<b>163</b>
7.1 Табиғат пайдаланушылар санын талдау .....	163
7.2 Полигондарды талдау және қалдықтарды орналастыру .....	165
<b>8. Қорытынды</b> .....	<b>168</b>
8.1 Қалдықтарды бөлек жинауды енгізу .....	168
8.2 ҚТҚ кәдеге жарату және өңдеу бойынша кәсіпорынды дамыту жағдайлары .....	169
8.3 Қалдықтардың мемкадастры жүйесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	170

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

<b>ҚМК</b>	<b>Қалдықтардың мемлекеттік кадастры</b>
<b>ҚТҚ</b>	<b>Қатты тұрмыстық қалдықтар</b>
<b>ЖҚОЛ</b>	<b>Жойылуы қиын органикалық ластауыштар</b>
<b>ҚР ЭК</b>	<b>Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі</b>
<b>АЖ</b>	<b>Ақпараттық жүйе</b>
<b>ҚОҚ БАЖ</b>	<b>Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі</b>
<b>ҚР</b>	<b>Қазақстан Республикасы</b>
<b>ӨҚ</b>	<b>Өндірістік қалдықтар</b>
<b>ӨКМ</b>	<b>Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері</b>
<b>ТҚП</b>	<b>Төменгі қысым полиэтилені</b>
<b>ЖҚП</b>	<b>Жоғарғы қысым полиэтилені</b>
<b>ЭЭЖҚ</b>	<b>Электронды және электрлі жабдықтардың қалдықтары</b>
<b>ЭЖ</b>	<b>Электронды жабдықтар</b>

## **Кіріспе**

Ақпараттық қолдаудың мемлекеттік деңгейдегі рөлі тиісті деректер базасын жинауға, қалыптастыруға, сақтауға, өзектендіруге, өңдеуге мүмкіндік беретін есептеудің әртүрлі жүйесін шешу болып танылады. Осы жүйелерді енгізу және қызмет жасау жүйенің есеп объектісі мен субъектісін, жүйе құрылымын, ақпарат құрамын, құрамындағы рәсімдік мәселелерді анықтайтын құжаттар пакетімен реттеледі. Осылайша, жүйелі тәсіл басқарудың әртүрлі деңгейін біріктіретін бір ақпараттар ағынын бірыңғай әдістеме негізінде қамтамасыз етеді.

Қалдықтарды басқару саласында негізгі оның тікелей жүретін объектілері туралы мәліметтер мен олардың қасиеттері есебімен қалдықтардың өмірлік циклын сипаттайтын аралас ақпарат болып табылады. Кез келген бөлікте қалдықтармен жұмыс істеу көрінісін алуға мүмкіндік беретін есептеу жүйесі ретінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 212–III заң деректерінің анықтамасына сәйкес Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры қалдықтармен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде көрініс табуы және мемлекеттік органдардың, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты технологиялық, экономикалық, құқықтық және басқа шешімдерді бағалауды жобалау үшін, сонымен қатар қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында қарастырылуы қажет.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі - Шолу) жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолудың 2016 жылға негізгі мақсаттары болып мыналар табылады:

- 1) өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілу, көму, кәдеге жарату, өңдеу және залалсыздандыру көлемін анықтау;
- 2) қандай деңгейдегі қалдықтардың көп көлемде түзілуін қадағалау;
- 3) қай облыста қалдықтардың көп көлемде түзілуін қадағалау;
- 4) облыстар бойынша жинақталған, көмілген және кәдеге жаратылған өндіріс және тұтыну қалдықтарына салыстырмалы талдау жүргізу;
- 5) қалдықтарды орналастыру объектілері, сонымен қатар олардың орналасуы туралы нақты ақпарат алу.

Шолудың негізгі бөлігі үш бөлімнен тұрады.

*Бірінші бөлімде* қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебінің республика бойынша жалпы ақпараты көрсетіледі. Өндіріс және тұтыну қалдықтары полигондары бойынша қалдықтарды орналастыру объектілеріне орналастырылған, түзілген, келіп түскен, өңделген, залалсыздандырылған, кәдеге жаратылған, тараптық ұйымдарға берілген қалдықтарға статистика жүргізіледі. Сонымен қатар қалдықтарды өңдеу технологиялары бойынша ақпарат, республика бойынша медициналық қалдықтар мен ЖҚОЛ жалпы ақпарат келтіріледі.

*Екінші бөлім* республикада қалдықтарды басқару бойынша аймақтық жағдайға арналған. Әрбір аймақ бойынша (14 облыс және республикалық маңызы бар 2 қала) өндіріс және тұтыну қалдықтары бойынша ақпарат көрсетіледі, аймақтар бойынша негізгі бөлімнен талаптар ұсынылады. Кеңістікті орналасуды көрсету арқылы 15 ірі табиғат пайдаланушының мәліметтері бойынша (қалдықтардың түрлері бойынша, олардың түзілуі және физико-химиялық құрамы, компонентті құрамы, сандық және сапалық көрсеткіштері, сақтаудың техникалық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттары, оларды пайдалану технологиялары мен залалсыздандыру) талдау жүргізіледі. Облыстар, қалалар, аудандар бойынша полигондар мен қалдықтарды орналастыру орындарына; қалдықтарды кәдеге жарату және өңдеу бойынша жобаларды жүзеге асыруға қалдықтарды өңдеу секторына

инвестицияның тартылмауына және қаржы қаражатының болмауына (жетіспеуіне) салыстырмалы талдау жүргізіледі. Сонымен қатар ҚМК бойынша ҚОҚ БАЖ АЖ сүйемелдеу шеңберінде деректер базасындағы табиғат пайдаланушылар санының өсуіне талдау жасалады.

Үшінші бөлімде ҚМК жүйесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар, бағдарламаны басқа мемлекеттік органдардың бағдарламалық өнімдерімен біріктіру, бөлек жинауды енгізу бойынша жүйелі және кешенді шараларды жүргізу, ҚТҚ кәдеге жарату және өңдеу бойынша кәсіпорындарды дамыту үшін жағдайлар жасау ұсынылған.

Шолуда түзілген, басқа кәсіпорындардан келіп түскен, өңделген, залалсыздандырылған, орналастырылған, тараптық кәсіпорындарға берілген қалдықтардың көлемі туралы деректер ҚОҚ БАЖ жүйесінде кәсіпорындармен ұсынылған қалдықтарды түгендеу бойынша есептер негізінде құрылды.

## **1. Жалпы мәліметтер**

### **1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат**

Қалдықтармен жұмыс істеу саласында Қазақстанның саясаты коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптауды енгізу арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарында ҚТҚ-ны өңдеуді дамытуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясат негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі Жарлығымен Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасында бекітілген. 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң қабылданды. Елде 2007 жылдан бастап қабылдануы елдің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы маңызды кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының №212-III ҚРЗ Экологиялық кодексі қолданысқа енгізілді. ҚР 2003 жылғы 10 ақпандағы №389-II заңымен Қазақстан «Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына қосылды. Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 мамырда ЖҚОЛ туралы Стокгольм конвенциясына қол қойды және оны 2007 жылғы 7 маусымдағы «Орнықты органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» №259 заңымен ратификациялады және 2007 жылы 9 қыркүйекте Конвенция тарапы болды. 2007 жылы 20 наурызда Қазақстан халықаралық саудадағы жеке қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала келісімге негізделген рәсім туралы Роттердам конвенциясын ратификациялады.

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясат негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі жарлығымен Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасында бекітілген.

Осылайша, Қазақстан Республикасы табиғи ортаны сақтауға бағытталған әлемдік қоғамдастық алдында белгіленген міндеттерді орындауда және қалдықтарды басқару саласында халықаралық стандарттардың сақталуына біздің мемлекеттің бейім екендігін куәландыратын біршама маңызды халықаралық құқықтық актілерге қосылды.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу бойынша тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдамамен ҚТҚ-ның қолданыстағы шешімдерін жүзеге асырудағы талап етілетін негізгі іс-шаралар анықталады атап айтқанда: қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, ҚТҚ өңдеу деңгейінің мониторингі және оның индикаторлары анықталды, инвестицияларды тартудың механизмдерін әзірлеу; қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату, қалдықтарды өңдеу бойынша кәсіпорынды ынталандыру шығындар бөлігін жабу мақсатында өндірушілердің (импортерлер) кеңейтілген жауапкершілік қағидаларын енгізу.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері болып мыналар табылады:

- адам денсаулығын қорғау, табиғи қоршаған ортаны қорғаудың немесе биологиялық әртүрлілікті сақтаудың жағдайын қолдау және қалпына келтіру;
- қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қоғамның экологиялық және экономикалық мүдделерінің ғылыми негізделген үйлесімділік;
- аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды жүзеге асыру мақсатында жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану;
- қалдықтар санын азайту мақсатында материалды-шикізат ресурстарын кезеңді өңдеу;

- қалдықтар көлемін азайту және оларды шаруашылық айналымға тарту мақсатында қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті экономикалық реттеу әдістерін пайдалану;
- ҚР заңнамасына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ақпаратқа қол жеткізу.

## **1.2 Қалдықтарды басқару саласындағы Қазақстан Республикасының іс-шаралары**

ҚР қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында, мақсатты бағдарламаларды, қалдықтардың түзілуін нормалау, орналастыру және төлем лимиттерін белгілеудің бірқатар заңнамалық актілерін әзірледі және қабылдады.

Қалдықтарды басқару бойынша мәселелерді реттеудің алғашқы қадамы 2007 жылы ҚР ЭК қабылдау болды. Аталған заңнама Қазақстандағы қалдықтарды басқарудың бір немесе бірнеше аспектілерін қамтитын бірнеше ұлттық бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларда көрініс тапты. Оларға мыналар жатады:

1. 2004-2015 жж. арналған Экологиялық қауіпсіздіктің тұжырымдамасы принциптерді, стратегиялық мақсаттарды, міндеттерді, қамтамасыз ету механизмдерін және биологиялық әртүрлілікті сақтаудың міндетті жағдайында адам үшін қолайлы тіршілік ортасының оңтайлы деңгейін қолдауды айқындайды. Оның негізіне өндірісті оңтайлы дамыту базасында адамдардың өмірі үшін қолайлы жағдай жасау, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауды рационалды пайдаланудың стратегиясы қамтылған.

2. 2010-2014 жж. «Жасыл даму» салалық бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспары туралы» №922 қаулысын жүзеге асыру мақсатында және Мемлекет басшысының қыркүйек және қазан айларында Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына келу барысында берілген тапсырмаларын орындау шеңберінде әзірленген. Бағдарлама экономикалық өсімнен ресурстарды пайдалану және экономикалық салдарлар арасындағы тәуелділікті жоюды қарастыратын «жасыл экономиканың» прогрессивті принципін қолдануға болжанған. Сонымен қатар халықаралық қатынастарды дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды ғылыми қамтамасыз ету, қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторинг жүйесі, экологиялық білім беру, ағарту және халықтың ақпараттандырылуын арттыру бойынша іс-шаралар анықталды. Бағдарлама салааралық сипатқа және парниктік газдар шығарындылары, атмосфералық ауаның ластануы, экологиялық апат аймағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өндіріс және тұтыну қалдықтары, су ресурстарына ие болды. Көгалдандыру және басқалармен қоса алғанда көптеген мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндік берді.

3. ҚР «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» жаңа стратегиясында айтылды. Тұжырымдама Қазақстан халқының өмір сапасын, әл ауқатын арттыру арқылы жаңа форматтағы экономикаға көшу мақсатымен терең жүйелі жаңаруына және қоршаған орта және табиғи ресурстардың тозуына жүктемені азайтуда әлемнің 30-дан астам дамыған елдерінің қатарына кіруі үшін негіз болады.

Елдің алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшудің негізгі басым міндеттеріне мыналар жатады:

1) ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру (су, жер, биологиялық және т.б.) және оларды басқару;

- 2) қолданыстағы және жаңа инфрақұрылым құрылысын жаңарту;
- 3) қоршаған ортаға қысымды жеңілдетудің рентабельді жолдары арқылы қоршаған орта сапасы және халықтың әл-ауқатын арттыру;
- 4) ұлттық қауіпсіздікті, сонымен қатар су қауіпсіздігін арттыру.

Тұжырымдамаға сәйкес «жасыл экономикаға» көшу шаралары мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады: су ресурстарын орнықты пайдалану, орнықты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту, энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру, электр энергетиканы дамыту, қалдықтарды басқару жүйесін, ауаның ластануын азайту және сақтау, және экожүйелерді тиімді басқару.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылғы 31 шілдедегі ҚР Үкіметінің №750 қаулысымен 2013-2020 жылдарға арналған Тұжырымдаманы жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар жоспарына сәйкес Астана және Алматы қалаларында тұрғын үй қорында ҚТҚ бөлек жинау бойынша пилотты жоба басталды.

Бүгінде 24 қалада және ірі ауылдық елді мекендерде бөлек жинау: Ақмола (Көкшетау қ., Щучье, Степногор, Атбасар аудан орталықтары, Бурабай кенті), Ақтөбе (Ақтөбе, Алға қалалары, Шұбарқұдық кенті), Алматы (Талдықорған), Атырау (Атырау қ., Қызылқоға ауданы), Жамбыл (Тараз қ.), Батыс Қазақстан (Орал қ.), Қарағанды (Қарағанды қ., Теміртау қ.), Қостанай қ. (Қостанай, Рудный қ., Жетіқара, Затобыл кенті), Маңғыстау (Ақтау қ.), Солтүстік Қазақстан (Петропавл қ.), Оңтүстік Қазақстан (Шымкент қ.) облыстарында, Астана қаласында енгізілуде. Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Астана және Алматы қалаларында олардың түзілу көздерінен ҚТҚ бөлек жинау деңгейленіп енгізілуде. Сұрыптау жолақтары тек Қарағанды (Қарағанды, Теміртау қалаларында), Маңғыстау (Жаңаөзен қ.), Шығыс Қазақстан (Семей қ.), Батыс Қазақстан (Орал қ.) облыстарында, Астана қаласында орнатылған. .

Ақмола және Алматы облыстарының 17 қаласы мен 2 елді мекенінде 23 объектіде қалдықтарды сұрыптау және өңдеу бойынша құрылыс, сонымен қатар Астана қаласы мен Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы қолданыстағы қоқысты қайта өңдейтін зауыттарға жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен, Ақмола облысының Көкшетау қаласында ҚТҚ полигонымен қоқысты қайта сұрыптайтын бекет құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Құрылыстың болжамды құны – 2,2 млрд. теңге.

Ақтөбе облысында 2016 жылы Әкімдікпен «Ақтөбе» ӘКК АҚ және «Союз Гранд» ЖШС арасында қоқыс сұрыптайтын кешен құрылысын салу бойынша шарт жасалды. Кешеннің толық қуаттылықпен шығуы 2017 жылдың қазанына жоспарланған. Кешен қалдықтарды 40%-ға дейін өңдейтін болады. Қазіргі таңда, жер учаскесін жоспарлау жасалды, іргетасы салынды, құрылыс материалдарын сатып алу және жеткізілу жұмыстары жүргізілуде. Инвестиция көлемі 500,0 млн. теңгені құрайды.

Қалдықтармен жұмыс істеу мәселелерін шешу бойынша жұмыс сондай-ақ аудандық деңгейде жүргізілуде. Сонымен, Ембі қаласында «Болат» ЖШС-да қалдықтарды нығыздап-орайтын, шыны ыдыстарды үгітетін, қағаздан экомақта және аула сыпырғыштарын дайындайтын цехтары бар қоқыс сұрыптайтын қондырғы жобасы әзірленді.

Алматы облысында қатты және сұйық қалдықтарды өңдейтін «ЭкосервисАрман» ЖШС қазақ-түрік бірлескен кәсіпорнының құрылысы салынды. Кәсіпорынның болжамды құны – тәулігіне 50 мың тонна (резеңке, пластик, пайдаланылған майлар, шиналар). Кәсіпорында іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізіледі.



ҚТҚ өңдеу бойынша жоба «ADAL DAMU CAPITAL» ЖШС-да әзірлену үстінде. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы – жылына 60 мың тонна. Жоба 3 кезеңнен тұрады: 1-ші кезеңде 2016 жылы ҚТҚ сұрыптау үшін қоқыс сұрыптаушы кешенді және қайталама шикізатты өндіру цехын пайдалануға енгізу жоспарланды; 2-ші кезеңде – органикалық фракциялардың ҚТҚ өңдеу бойынша биогаз кешені құрылысы. Газдың өндіріс қуаттылығы жылына 18 мың тонна; 3-ші кезеңде – органикалық қалдықтардан биогумусты өндіру үшін вермифабрика құрылысы.

Іле ауданында инвестор «Таза ЖерМПК» ЖШС-ға қоқыс өңдеу зауытының құрылысына 2 га жер бөлінген, Талғар ауданында инвестор «Зеймур» ЖШС-ға ҚТҚ сұрыптау және өңдеу бойынша зауыт құрылысы» жобасын жүзеге асыру үшін 27,0 га жер учаскесі бөлінді және әрі қарай «Зеймур» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жамбыл, Еңбекші қазақ, Есіл аудандарында ҚТҚ сұрыптау, өңдеу және жою бойынша 4 өнеркәсіп кешенінің құрылысы қарастырылады. Жобалық-сметалық құжаттама құрылыс кешені үшін жергілікті бюджеттен 20 млн. теңге бөлінді.

Атырау облысында Атырау қаласында қоқыс сұрыптау кешені құрылысын салу қарастырылады. Жергілікті бюджеттен 70 млн. теңге қаржы бөлінді. Құрылысты қаржыландыру кешені 2018-2020 жылы Дүниежүзілік банкімен жүзеге асырылады.

Шығыс Қазақстан облысында Өскемен және Семей қалаларында қоқыс сұрыптайтын қондырғы мәселелері қарастырылуда. ҚТҚ полигоны мен қоқыс сұрыптаушы зауыт құрылысы үшін Өскемен қаласында жер учаскесі (30 га) бөлінді.

Қазіргі таңда, мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін инвесторлар іздестірілуде.

Жамбыл облысында энергетика, жаңартылатын ресурстар мен энергия тиімділігі саласындағы кешенді қызметтерді ұсынудың бастамашысы латвия компаниясы болып табылатын ҚТҚ қайта өңдеу бойынша зауыт құрылысының жобасы қарастырылуда. Жоба жобалау сатысында. Сонымен қатар REDWAVE неміс компаниясының технологиясы бойынша зауыт құрылысына қатысты келіссөздер жүргізілуде.

2015 жылы Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласында «ГринАқсай» ЖШС-мен салынған қоқыс сұрыптау желілерін пайдалануға енгізу қарастырылған. Алайда, қаржылық қиыншылықтарға байланысты қызмет тоқтатылды.

2015 жылы қоқыс сұрыптайтын және қоқыс өңдейтін кешендермен ҚТҚ жаңа полигон құрылысына техникo-экономикалық негіздеме әзірлеу басталды, жергілікті бюджет қаржысынан 20,32 млн. теңге бөлінді. Сондай-ақ Орал қаласының әкімдігімен Орал қаласы ҚТҚ полигонынан биогаз алумен инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша «Doganova» фин компаниясының өкілдерімен келіссөздер жүргізілуде.

Қостанай облысының әкімдігімен Қостанай қаласында қоқыс сұрыптайтын желі құрылысының (қолмен сұрыптау) ШЖА, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметімен жасалған келісім шеңберінде Дүниежүзілік банкпен жобаны қаржыландыру мүмкіндігі туралы мәселе талқылануда.

2014 жылы Еуропалық қалпына келтіру және даму банкімен «Қызылорда қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату» бірлескен жобасын жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды. Жобамен Қызылордада ҚТҚ механикалық сұрыптау және биологиялық өңдеуді құрылысын құру, жаңа полигон құрылысы сондай-ақ ескі полигонды қалпына келтіруді қарастырылады.

Маңғыстау облысының әкімдігімен Ақтау қаласында ҚТҚ кәдеге жарату зауытының құрылысы мәселесі талқылануда. Жобалық құжаттаманы әзірлеу 2017-2018 жылдарға көзделген.

Павлодар облысының әкімдігімен Павлодар қаласының әкімдігі мен ATENA Environment Management ЖШС арасында Павлодар облысы аумағында тұрмыстық қалдықтарды өңдеу бойынша зауыт құрылысына қатысты инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін тиісті шараларды қабылдауға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Қазіргі таңда ATENA Environment Management ЖШС-мен бизнес жоспар жасалды және ҚТҚ өңдеудің біршама экономикалық тиімді технологияларды анықтауға қатысты жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ қазіргі таңда «СибИнвестГруп» ОҚБ әлеуетті инвесторларымен келіссөздер жүргізілуде. Ұсынылған технологиялардың бірі қалдықтарды биоотынға айналдыруды жүзеге асыру.

Облыс аудандарында қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласын дамыту мақсатында Оңтүстік-Қазақстан облысының әкімдігімен электр энергиясын алу арқылы ҚТҚ пайдаланылмайтын фракцияны сұрыптау және жағуды қарастыратын жобаны жүзеге асыру бойынша отандық және шетелдік инвесторлармен (Қытай, Оңтүстік Корея, Польша) келіссөздер жүргізіледі.

Алматы қаласында «Тәртіп» АҚ өз қаражаты есебінен қоқысты қайта жүктеу орны мен қоқысты сұрыптайтын кешен құрылысын ұйымдастыруды жоспарлайды.

«Госпа су» ЖШС «Kaukointernational» компаниясымен Алматы қаласының биогазды алу және оны жылу және электр энергиясын қайта өңдеумен кәріздік тазарту құрылғыларының тұнбалық алаңдарында құқық өңдейтін зауыт құрылысы мәселесі бойынша талқылануда. ТЭН жобасы әзірленді.

Іле ауданының Междуречинск ауылдық округінің полигонында өңдеуге жатпайтын қалдықтарды жағу бойынша (оның ішінде медициналық) зауыт құрылысы мәселесі бойынша Кореяның Districh Heating Engineering Co.LTD шетелдік компанияларымен келіссөздер жүргізілуде. ҚТҚ энергия өндіру бойынша жобаның бизнес жоспары әзірленді. Сондай-ақ қалдықтарды биомеханикалық өңдеу және сұрыптау технологиялары бойынша қоқыс өңдейтін зауыт құрылысы бойынша Redwave Waste GmbH Австралиялық компаниямен келіссөздер жүргізілуде.

Қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату инфрақұрылымын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне түзетулер енгізілді атап айтқанда, өндірушілердің (импортерлердің) кеңейтілген міндеттемелері енгізілді. 2016 жылдың шілдесінен бастап құрамында сынабы бар шамдар мен приборларды, түсті және қара металдарды, құймалы, қорғасын-қышқыл батареяларды, электронды және электр жабдықтарын полигондарда көмуге тыйым салынды; 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап макулатураны, картонды және қағаз қалдықтарын, шыны сынықтарын, пластмасса, пластик, полиэтилен және полиэтиленерефталат қаптауыштарын, құрылыс материалдарының қалдықтарын полигондарда көмуге тыйым салыну туралы заң күшіне енеді.

Сондықтан 2019 жылға дейін көрсетілген қалдықтарды өңдеудің инфрақұрылымын дайындау қажет (ҚТҚ бөлек жинауды, сұрыптауды, өңдеуді енгізу, логистиканы құру).

ҚТҚ жинау және өңдеу саласын дамытудың бірден бір механизмі ӨКМ болып табылады. 2016 жылдан бастап автомобильдер және оның компоненттеріне ӨКМ, 2017 жылдан бастап коммуналдық қалдықтардың 40-50%-ын құрайтын электр жабдықтары (бұдан әрі - ЭЖ) және қаптауышқа (пластмасса, қағаз, шыны, металл) енгізілді. 2018 жылдан бастап қаптауыш және ЭЖ өндірушілер мен импортерлерден төлем алу жоспарлануда. Қазіргі таңда ӨКМ операторымен төлем сомасын есептеу үшін зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Өнім (тауар) қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды және өңдеуді жүзеге асырушы компания үшін ӨКМ жататындар, ӨКМ операторларымен қалдықтарды жинау және өңдеу

төлем шығындарын өтейді. Мысалы, 2016 жылы шиналарды өңдеу бойынша зауыттар өтемақы ретінде 540,0 млн. теңге, пайдаланылған майларды өңдеу бойынша кәсіпорындар – 84,7 млн. теңге, аккумулятор өңдеушілер – 1 029,0 млн. теңге төленді. Кәдеге жарату үшін ескі автокөлік құралдарын өткізуші жеке және заңды тұлғаларға 849,138 млн. теңге төленді.

Министрлікпен қалдықтарды жинау, тасымалдау, өңдеуді, қаптауды және ЭЖ ұйымдастыруға ӨКМ операторымен 1390,5 млн.теңге және 592,4 млн. теңге бөлу келісілді. Сәйкесінше, 700 млн. теңгеге жуық құрамында сынабы бар шамдар мен батареяларды жинау үшін шамамен 2 мың контейнер дайындалды және жергілікті атқарушы органдарға беру қарастырылды.

Сондай-ақ, 2017 жылы 45 мың ШКҚ жинауды қамтамасыз ету жоспарланған яғни, заңды және жеке тұлғалардан кәдеге жарату үшін ШКҚ сатып алуға 3 300 млн. теңге бөлу қарастырылуда. Қазіргі таңда 2017 жылдың 1 тоқсанында қабылданған ШКҚ көлемі 24 мың бірліктен астам.

Қазіргі таңда республикада өнімнің 20 дан астам түрін шығаратын қайталама шикізатты қайта өңдейтін 130 кәсіпорын жұмыс істейді: пластиктен, металдан, ағаштан, шыныдан, қағаздан, резеңке ұнтағынан, резинотехникалық бұйымдардан, биогаздан, тыңайтқыштан. Кәсіпорындар санының ұлғайғаны байқалады мысалы, шиналарды өңдейтін және кәдеге жаратушы кәсіпорындар 5 тен 13 ке, пайдаланылған майлар 2 ден 8 ге дейін. Ағымдағы жылы тағы 6 кәсіпорынды пайдалануға беру жоспарлануда. 2017 жылы ӨКМ қаптаушы және ЭЖ енгізілгендігін ескере отырып, оларды өңдеу бойынша кәсіпорын санының өсуі күтілуде.

Осылайша, егер 2016 жылдың соңына дейін жинау 10, сұрыптау 9 қалада жүзеге асырылған болса 2017 жылдың 1 жарты жылында бөлек жинау 14 елді мекенде ал, сұрыптау 8 қалада және ірі елді мекендерде енгізілді. Кәсіпорындардың саны 115 тен 134 ке ұлғайды. 2016 жылдың 12 айында ҚТҚ сұрыптау және өңдеу үлесі – 2,6% болса, 2017 жылдың 6 айында ол 7,75%-ға дейін ұлғайды.

Экологиялық заңнама нормаларын жүзеге асыру бойынша шараларды қабылдау мақсатында 2019 жылдан бастап полигондарда қалдықтардың кейбір түрлерін оның ішінде азық-түлік қалдықтарын көмуге тыйым салу, биогаздан электр энергиясын шығарумен биоерігіш қалдықтарды өңдеу, электрді үнемдеу желілеріне қосу бойынша жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылады.

Сонымен қатар бөлшек саудада полиэтилен пакеттерді қолдануды, қоғамдық тамақтану орындарында бір реттік пластик ыдыстарды көп рет қолданылатын ыдыстармен ауыстыру бойынша деңгейлеп шектеу мәселесі қарастырылады. Тұжырымдаманың орындалу шеңберінде елде 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрекет ететін ӨКМ операторын құру іс-шарасы маңызды болып табылады.

2015 жылы ПХД экологиялық қауіпсіз жұмыс істеу жүйесін құру шеңберінде «Қазақстанда ПХД басқарудың кешенді жоспарын әзірлеу және орындау» БҰҰДБ жобасы аяқталды. Жоба ПХД қауіпсіз жұмыс істеу бойынша нормативті базасын әзірледі, оның шеңберінде 360 кәсіпорын ПХД жабдықтарын түгіндеуге кірісті. Сондай-ақ жоба шеңберінде 33 трансформатордың 80 тонна (Республиканың төрт кәсіпорны) және 2400 конденсатор 150 тонна (Республиканың алты кәсіпорны) ПХД майы кәдеге жаратылды.

ҚР Президентінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 399 қаулысына сәйкес ЖҚОЛ (жойылуы қиын органикалық ластауыштар) жою проблемалары бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін 2012 жылдың 22 қарашасынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы аумағының орманды жерлерін көбейту жобасын дайындауға грант бөлу туралы Қазақстан Республикасы және Қайта Құру және Халықаралық Даму Банкі арасында Келісімге қол қойылды.

Байланысты Грант шеңберінде Дүниежүзілік банктің «Тұрақты органикалық ластауыш қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын жүзеге асыруға қатысты министрліктің 155 бюджеттік бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстан облысының жаңа учаскесінде зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету және аяқтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, Қазақстанда «Ұлттық орындалу жоспарын жанарту, Қазақстанда медициналық қалдықтарды ұлттық жоспарлау мен тиімді басқару үдерісіне тұрақты органикалық ластауыштарды басқаруды интеграциялау» БҰҰДБ/ҒЭЖ ҚОСРМ жобасы жүзеге асырылуда.

Іске асырылу мерзімі 2014-2017 жылдар, жобаның негізгі мақсаты: Қазақстанда медициналық қалдықтарды тиімді пайдалануды ілгерілету арқылы байқаусызда пайда болатын жойылуы қиын органикалық ластауыштар мен қоршаған орта экологиясы үшін басқа барлық ластауыштар шығарындыларын азайту, сонымен қатар Стокгольм Конвенциясы бойынша оның сәйкес міндеттерінің орындалуына елде жәрдем көрсету міндеттемелерін орындауда елде ықпал ету.

ҚР ЭК 143-бабының 8 тармағына сәйкес ғарыш мониторингі – ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын функциялауды ұйымдастыруды, ғарыштан Жерді қашықтықтан аймақтау құралын пайдалану арқылы қоршаған ортаның жағдайын бақылау жүйесі.

2015 жылғы 8 сәуірдегі қалдықтарды орналастыру орындарының мониторингі мәселесі бойынша Қауіпсіздік кеңесінің хаттамалық тапсырмасын жүзеге асыруда Энергетика министрлігі «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ бірлесіп «Астана қаласы және оған іргелес аумақтарда, өнеркәсіп кәсіпорындарында қалдықтарды орналастыру орындарының мониторингі» пилоттық жобасы бастамашылық жасалды және іске асырылды.

Жобаны жүзеге асыру барысында 2015 жылдың қыркүйегінен бастап спутникпен қашықтықтан аймақтау көмегімен Астана қаласы және оған іргелес аумақтарда, сонымен қатар өнеркәсіп кәсіпорындарда мониторинг жүргізілді.

Жоғары биіктік рұқсатымен алынған ғарыш суреттері ҚТҚ үйінділерін сенімді сәйкестендіруге және олардың өсу динамикасын бағалауға мүмкіндік берді.

Картографиялау міндеттерін анықтау, қалдықтардың әр түрін қоймалау мониторингі – қоршаған ортаны қорғау саласындағы біршама өзекті мәселенің бірі. Бір жағынан қалдық орындарының ландшафттың барлық компоненттеріне физикалық, химиялық және биологиялық ластанудың елеулі теріс әсеріне ал, екінші жағынан техногенді тәуекелдердің өсуі және табиғи кешендердің эстетикалық құндылықтарының күрт азаюы есебінен халықтың өмір сүру сапасының төмендеуіне байланысты болып отыр.

Проблеманың толық, өзекті, шұғыл көрінісін беретін іс жүзіндегі жалғыз ақпарат көзі және бұл ретте аталған проблеманы шешу үшін минимизацияланған қаржылық, уақытша, еңбек шығындар ғарыштан ЖҚА заманауи деректері болып табылады. Қалдықтарды қоймалау орындарының мониторингі біршама тиімді әдістемесі сөзсіз заманауи компьютерлік технологияларға нақты айтқанда ЖҚА және ГАЗ деректерін өңдеу құралдарына келіп тіреледі. Ғарыш суреттері таңдамалы жер үсті бақылауымен сондай-ақ қолданыстағы электронды карталармен, рельефтің цифрлы моделдерімен басқа ақпарат көздерімен үйлесуде шұғыл анықтау, картографиялау және қалдықтарды орналастыру орындарының мониторингі үшін негіз бола алады.

Суреттердің талдаулары мен жердің беткі алаңдық зерттеулерден алынған деректер нәтижесінде үш санат бойынша Министрлікпен классификацияланған қалдықтарды орналастыруда санкция берілмеген 137 учаске анықталды:

I санат – қатты тұрмыстық қалдықтар учаскелері – 515 033 м<sup>2</sup>.

II санат – қалдықтармен ластанған аумақтар – 6 719 028 м<sup>2</sup>.

III санат – техногенді бүлінген ландшафттар – 9 685 684 м<sup>2</sup>.

ҚР Энергетика министрлігімен 2017 жылға арналған ғарыш мониторингінің нәтижесі күтілуде.

ҚР Энергетика министрлігі Дүниежүзілік банкімен бірлесіп Қостанай, Көкшетау және Алматы қалаларында жүзеге асырылатын «Астана, Алматы, облыс орталықтарында ҚТҚ кәдеге жарату және басқару бойынша жоба» жүзеге асырылады.

2015 жылғы 27 мамырдағы ҚР Энергетика министрлігімен мақұлданған 2015 жылы 29 мамырдағы №375 Қалдықтарды басқару саласындағы өзара қарым-қатынас туралы меморандумына сәйкес Корея Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен ҚР Энергетика министрлігінің сайтында орналасқан Қостанай, Көкшетау және Алматы қалаларында қалдықтарды басқаруды жақсартудың бас жоспарын дайындау жұмыстары аяқталды.

## 2. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

### 2.1 Республика бойынша жалпы ақпарат

Заманауи қоғамды дамыту барысында өндіріс қуатын және өндірістік қатынастарын жетілдіруде урбанизацияланған аумақтар мен оларға іргелес жерлердегі өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналуы орын алды.

Бұрын тұтыну қалдықтары табиғи ортаның өмірлік циклының табиғи элементі ретінде тамақ фракциясы шіритіндіктен арнайы айналымды және кәдеге жаратуды қажет етпеді. Қоғамда өнеркәсіптердің құрылып дамуына байланысты қалдықтардың басым бөлігін жасанды компоненттер құрайтын болды. Полигондардағы қалдықтардың фракцияларының жасанды компоненттері шірімей жерді, суды және ауаны улайды. Осыған байланысты, адамзатқа жасанды компоненттерді, қайталама шикізат алу, адамның тіршілік ету әрекетінде қайталама шикізатты пайдалану бойынша технологияларды қолдану мәселелерін шешу қажет.

ҚР Қауіпті қалдықтарды және оларды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсаттары үшін жоюды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қауіпті қалдықтардың 3 деңгейі анықталды:

- 1) Жасыл - G индексі;
- 2) Янтарь - A индексі;
- 3) Қызыл - R индексі.

2016 жылы пайда болған қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың көлемі ҚОҚ БАЖ қалдықтарын түгендеу бойынша есептері 2.1.1-ші кестеде ұсынылған.

#### 2.1.1-ші кесте 2016 жылы түзілген қалдықтардың көлемі

р/с №	Қалдықтардың түрлері	Өлшем бірлігі	Қалдықтар көлемі
1	Қауіпті қалдықтар	тонна	151 391 128,211
2	Құрамында сынабы бар шамдар	килограмм	186 747,576
3	Радиоактивті қалдықтары	тонна	127 869,230
4	Қауіпті емес қалдықтар	тонна	169 556 443,200
5	Автокөлік	дана	128,000

Көзі: ҚОҚ БАЖ, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есебі

Қауіптілік деңгейлері бойынша 2016 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі, сонымен қатар жалпы көлемнен пайыздық мөлшерде 2.1.2-ші кестеде көрсетілген:

#### 2.1.2-ші кесте. Қауіптілік деңгейлері бойынша 2016 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі


р/с №	Қауіптілік деңгейі	Көлемі, мың т	көлемі, %-бен
1	Жасыл түсті	132 151 052,649	87,3
2	Янтарь түсті	19 231 508,992	12,70
3	Қызыл түсті	8 566,570	0,0056

Көзі: ҚОҚ БАЖ, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есебі

Есеп 2016 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың қозғалысы 2.1.1-ші диаграммада көрсетілген.

**2.1.1-ші диаграмма. 2016 жылғы қауіпті қалдықтардың көлемі және қозғалысы**

**тонна**



Көзі: ҚОҚ БАЖ, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есебі

2.1.2-ші кестеде және 2.1.1-ші диаграммада мына қалдықтардың көлемі көрсетілмеген: ҚОҚ БАЖ-да олардың көлемі киллограмдар мен даналармен көрсетілетіндіктен мырыш қалдықтары мен сынықтары, марганец қалдықтары мен сынықтары, пластмасса қалдықтары, полиэтилен және құрамында сынабы бар шамдар. Көрсетілмеген қалдықтардың көлемі туралы ақпарат 2.1.1-ші кестеде орналастырылған.

2016 жылы ҚОҚ БАЖ есептік деректері бойынша түзілген қауіпті емес қалдықтардың жалпы санынан басқа қалдықтардың да негізгі үлесін байқауға болады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 29 шілдедегі «Қалдықтарды түгендеу жөніндегі есеп нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 352 бұйрығына (бұдан әрі – ҚР ЭР №352 бұйрығы) сәйкес басқа қалдықтар болып қалдықтарды түгендеу бойынша қауіпті емес қалдықтарды түгендеу бланкінің 1-40 жолдарындағы белгіленбеген қалдықтар табылады.

**2.1.3-ші кесте. Қауіпті емес қалдықтарды түгендеу бланкінің 1-40 жолдарында белгіленбеген қалдықтардың түрлері**


жол №	Қалдықтардың түрлері
1.	Қаптауыш материалдар:
2.	қағаз және картон қаптауыш
3.	пластикті және пластмасса қаптауыштар
4.	шыны ыдыстар (шыны сынықтары)
5.	ағаш қаптауыштар
6.	металл қаптауыштар
7.	2-6 жолдарда белгіленбеген басқа қаптауыш материалдар
8.	Макулатура:
9.	қағаз
10.	картон
11.	аралас
12.	Пластик қалдықтары:
13.	қатты пластик
14.	жұмсақ пластик
15.	төменгі қысымды полиэтилен (ТҚП)
16.	жоғарғы қысымды полиэтилен (ЖҚП)
17.	1-16 жолдарда белгіленбеген пластиктің өзге қалдықтары
18.	Электрондық және электр жабдық қалдықтары:
19.	ірі көлемді тұрмыстық жабдық
20.	ұсақ көлемді тұрмыстық жабдық
21.	ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар жабдығы
22.	тұтыну жабдығы
23.	жарық беру жабдығы
24.	электр және электрондық құралдар
25.	19-24 жолдарда белгіленбеген басқа электрондық және электр жабдық қалдықтары
26.	ірі көлемді қалдықтар
27.	жиһаз
28.	керамика (раковиналар, унитаздар)
29.	27-28 жолдарда белгіленбеген басқа ірі көлемді қалдықтар
30.	Құрылыс қалдықтары:
31.	құрылыстың ағаш қалдықтары
32.	бетон бұйымдарының сынықтары
33.	темір бұйымдарының сынықтары
34.	керамикалық құбырлардың сынықтары
35.	кірпіш сынықтары
36.	құрылыстың, ғимарат және имаратты қиратудың аралас қалдықтары



жол №	Қалдықтардың түрлері
37.	31-36 жолдарда белгіленбеген басқа құрылыс қалдықтары
38.	Қолданыстан шыққан автокөлік (дана):
39.	бөлшектеуден кейінгі (корпус)
40.	бөлшектелмеген

2.1.2-ші диаграммада «Басқа қалдықтар» қалдық түрлерін қауіпті емес қалдықтардың негізгі үлесін құрайтын түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі көрініс табады. Бұл табиғат пайдаланушылардың басым бөлігі қауіпті емес қалдықтарды толық көлемде бөлек жинамайтындығын және сәйкесінше оларды «Басқа қалдықтар» кестесіне қоятынымен түсіндіріледі.


**2.1.2-ші диаграмма. 2016 жылға қауіпті емес қалдықтарды құрайтын үлесі.**



Көзі: ҚОҚ БАЖ

2.1.2-ші диаграммада пайдаланудан шығып қалған көлік көлемі туралы ақпарат жоқ. Аталған ақпарат аймақтар бойынша тараудың 5-ші бөлімінде сипатталады.

**2.1.3-ші диаграмма. 2016 жылға қауіпті емес қалдықтардың көлемі және қозғалысы**



Көзі: ҚОҚ БАЖ, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есебі

2.1.3-ші диаграммаға сәйкес кәсіпорында пайдаланылған, қайталама пайдаланылған, жағылған қауіпті емес қалдықтардың үлесі олардың түзілу көлемі есепті жылда 30,77%-ды, кәсіпорындардағы залалсыздандырылған қауіпті емес қалдықтардың үлесі 0,0037%-ды құрайды.

**2.2 Республика полигондары бойынша статистика**

2016 жылы ҚР ҚОҚ БАЖ деректері бойынша қалдықтарды орналастырудың 13 836 объектісі бар оның ішінде ҚТҚ полигондары – 2 181, ӨҚ – 359 және уақытша орнастырылған қалдықтар – 11 296 есептелген. 2.2.1-ші кесте орналастыру объектілерінің түрлері мен берілген есептер саны бойынша объектілер саны туралы ақпаратты көрсетеді.

**2.2.1-ші кесте**

Облыс	ҚТҚ полигондар саны	ҚТҚ полигондары бойынша есептер	Өндіріс полигондарының саны	Өндіріс полигондары бойынша есептер	Уақытша сақтау объектілері	Уақытша сақтау объектілері бойынша есептер
Ақмола облысы	92	19	51	5	920	737
Ақтөбе облысы	20	6	23	11	272	190

Облыс	ҚТҚ полигондар саны	ҚТҚ пологондары бойынша есептер	Өндіріс полигондарының саны	Өндіріс полигондары бойынша есептер	Уақытша сақтау объектілері	Уақытша сақтау объектілері бойынша есептер
Алматы облысы	28	0	5	3	449	263
Атырау облысы	71	21	15	8	349	167
Батыс Қазақстан облысы	219	11	17	2	891	489
Жамбыл облысы	200	11	26	4	262	164
Қарағанды облысы	166	32	23	5	625	435
Қостанай облысы	438	65	12	8	1834	1230
Қызылорда облысы	158	5	14	3	286	134
Маңғыстау облысы	65	9	38	13	719	168
Оңтүстік Қазақстан облысы	219	3	33	1	233	140
Павлодар облысы	137	11	12	4	609	369
Солтүстік Қазақстан облысы	121	34	11	3	1883	1241
Шығыс Қазақстан облысы	133	15	70	27	1047	610
Астана қ.	108	14	5	3	513	356
Алматы қ.	6	6	4	2	403	271
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>2181</b>	<b>262</b>	<b>359</b>	<b>102</b>	<b>11296</b>	<b>6964</b>

*Көзі: ҚОҚ БАЖ*

ҚТҚ-мен ӨҚ полигондарының саны, сонымен қатар ҚОҚ БАЖ көрсетілген уақытша сақтау объектілері нақты емес, «Қалдықтар кадастры» бөлімінің «Қалдықтарды орналастыру объектілері» қосымшасының талдау нәтижелері бойынша кейбір уақытша сақтау объектілері ҚТҚ және ӨҚ полигондарына жатады. Сонымен қатар, ҚР ЭМ Қалдықтарды басқару департаментінің деректеріне сәйкес (02.02.2017 ж. №19-02-773 шығыс хат) 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша республикада ҚТҚ-ның 3943 объектісі оның ішінде, жалпы көлемінің 15%-ын құрайтын тиісті жобалық және рұқсат берудің 590 құжаты бар.

### 2.3 Республика бойынша қалдықтарды өңдеу технологиясы

Қалдықтарды басқару саласындағы Қазақстанның саясаты қайталама шикізаттан өнім алумен қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға бағытталған. Аталған саясат Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 30 мамырындағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу концепциясында (бұдан әрі – Концепция) көрініс табады.

Елде шикізат әр алуан түрлерін кәдеге жарату және өңдеу бойынша ондаған кәсіпорын жұмыс істейді: қағаз, пластик, шыны, пайдаланылған шиналар, электронды, медициналық, құрамында сынабы бар және басқа қалдық түрлері. Сонымен қатар өнеркәсіп өнімдерін өндіруде шикізат қалдықтары мен материалдарын өңдеумен айналысатын кәсіпорындар бар. 2.3.1-ші кестеде ҚР қолданылатын облыстар бойынша қалдықтарды өңдеу бойынша толық ақпараттық технология көрсетілген.

#### 2.3.1-ші кесте. Қалдықтарды өңдеу бойынша технология тізбесі

##### Ақмола облысы

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«LS Kokshetau» кәсіпорны, Көкшетау қ.	Қайталама шикізат
2	Полиэтилен	«LS Kokshetau» кәсіпорны, Көкшетау қ.	Қайталама шикізат
3	Макулатура (қағаз, картон)	«LS Kokshetau» кәсіпорны, Көкшетау қ.	Қайталама шикізат
4	Шыны	«LS Kokshetau» кәсіпорны, Көкшетау қ.	Қайталама шикізат
5	Резеңке	«Жасыл Жер СТ» ЖШС, Степногор қ.	Резеңке үгінділері
6	Металдар (металл сынықтары, алюминий банкілері)	«LS Kokshetau» кәсіпорны, Көкшетау қ.	Шикізат

##### Ақтөбе облысы

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«Тенуса» ЖШС, Ақтөбе қ. «Импорт мастер» ЖШС, Ақтөбе қ. , «Коканд лтд» ЖШС, Ақтөбе қ.	Люктер, инженерлік желілерге арналған сақиналар
2	Резеңке	«ЭкоВторТехРесурс» ЖШС, Ақтөбе қ. «Ақтөбе» ЖШС, Ақтөбе қ.	Тротуар тақтайшалары, резеңке еден жабындылары, резеңке үгінділері
3	ЭЭЖҚ	«Алекс Асу» ЖШС, Ақтөбе қ.	Фракциялар бойынша бөлу
4	Кен байытудың шлам сақтағыштары	Италиев К.А. Ақтөбе қ.	Қосымша концентрат 0-0,5мм

**Алматы облысы**

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«КазПэтПолимер» ЖШС, Алматы облысы, Қапшағай қ.	Қайталама ПЭТ гранулдап өндіру
2	Макулатура (қағаз, картон)	«Kagazy Recycling» ЖШС, Қарасай ауданы, Абай а.	Қағаз және картон бұйымдар
3	Шыны	«САФ» АҚ	Шыны ыдысты өндіру
4	Резеңке	«Утиль Экосервис» ЖШС	резеңке үгінділері
5	Аккумуляторлар	«Қайнар АКБ» ЖШС, Талдықорған қ.	Аккумуляторлар
6	Макулатура (қағаз, газеттер, кітаптар)	«Маолин» Компаниясы	Қағаз өндіру

**Атырау облысы**

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы «Спецавтобаза» ЖШС, Атырау қ. «Татищева Айжан» ЖК, Атырау қ. «Ажғалиев Ж.» ЖК Атырау қ. «Қайдаров А.» ЖК, Атырау қ. «Жаманғарина» ЖК, Атырау қ.	Қайталама шикізат
2	Полиэтилен	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы «Спецавтобаза» ЖШС, Атырау қ.	Қайталама шикізат
3	Макулатура (қағаз, картон)	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы «Татищева Айжан» ЖК, Атырау қ. «Ажғалиев Ж.» ЖК Атырау қ. «Қайдаров А.» ЖК, Атырау қ. «Жаманғарина» ЖК, Атырау қ.	Қайталама шикізат
4	Шыны	«Спецавтобаза» ЖШС, Атырау қ.	Қайталама шикізат
5	Резеңке	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы	Қайталама шикізат
6	Металдар (металл сынықтары, алюминий банкілер)	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы	Қайталама шикізат
7	ЭЭЖҚ	«Алекс Асу» ЖШС, Атырау қ.	Өңдеу және кәдеге жарату
8	Аккумуляторлар	«Вест Дала» ЖШС, Махамбет ауданы	Қайталама шикізат
9	Мұнайшлам, бұрғылау шламы, мазутталған топырақ	«Жылыой Болашақ» ЖШС, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ.	Бакойл биопрепаратын қолдану арқылы кәдеге жарату және залалсыздандыру
10	Мұнайшлам, бұрғылау шламы, мазутталған топырақ	«Caspian Ecology» ЖШС	Мұнайдеструктор-КазБио препаратын қолдану арқылы кәдеге жарату және залалсыздандыру

**Шығыс Қазақстан облысы**

<b>№ р/с</b>	<b>Қалдықтардың түрлері</b>	<b>Кәсіпорын атауы</b>	<b>Шығарылатын өнімнің атауы</b>
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«Семейпластком» ЖШС, Семей қ.	Сантехникалық бұйымдарды - полиэтилен полипропилен құбырларды және олардың үлгілік бөліктерін өндіру -
2	Полиэтилен	«Вотчель С.А.» ЖК, Семей қ.	Полиэтиленнен бұйымдар өндіру
3	Макулатура (қағаз, картон)	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат
4	Шыны	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат
5	Резеңке (пайдаланылған шиналар және резеңке техникалық бұйымдар)	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат
		«Чистые горизонты» ЖШС, Өскемен қ.	Пиролизді отын
		«Ж. Құрылыс Компаниясы» ЖШС, Семей қ.	Резеңке үгінділері
6	ЭЭЖҚ	ШҚ «Аймақтық экологиялық демеркуризация орталығы» (сынап шамдар), Өскемен қ., «Табиғат - Өскемен» ЖШС (сынап шамдар), Өскемен қ.	Жинау және демеркуризация
7	Аккумуляторлар	«Семей Сплав» ЖШС, Семей қ.	ұнтақталған, қайталама полипропилен
		«Прогресс Вторресурсы» ЖШС, Өскемен қ.	Қорғасын балқымаларын, жұмсақ қорғасындарды шығару
8	Пайдаланылған майлар	«Чистые горизонты» ЖШС, Өскемен қ.	Пиролизді отын
9	Тамақ қалдықтары	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат
10	Тоқыма	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат
11	Ағаш қалдықтары	«Бұқтырма Сервис» ЖШС, Жаңа Бұқтырма а. «Бұқтырма» ПИТК, Жаңа Бұқтырма а.	Қайталама шикізат

**Жамбыл облысы**

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Полиэтилен	Хастал-оглы ЖК, Тараз қ.	Сыртқы қаптаманы және кәріз құбырларын шығару
2	Макулатура (қағаз, картон)	Шахристан ЖК, Тараз қ. Долина ЖК, Тараз қ.	Дәретхана қағазын шығару
3	ЭЭЖҚ	«ТаразТехноРесурс» ЖШС, Тараз қ.	Келесі өңдеуден шығару
4	Пайдаланылған майлар	«ЭкоТехСтандарт» ЖШС Тараз қ.	Пиролиз
5	Күшәла мен қорғасынның суда ерімейтін сульфид жиынтықтары	«Қазфосфат» ЖЖФЗ Тараз қ.	Рудотермиялық пештерде ОФК қалдықтарын кәдеге жарату
6	Ізбес-сода шламы	«Қазфосфат» ЖЖФЗ Тараз қ.	Сары фосфорды алу арқылы шлам жинақтағыштан фосфор шламын кәдеге жарату
7	Коттрель шаңы	«Қазфосфат» ЖЖФЗ Тараз қ.	Фосфор шикізатын кен байыту ретінде кәдеге жарату

**Батыс Қазақстан облысы**

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«Антей» ЖШС, Зеленов ауданы	Полимирлерден люктерді, қыш тақтайшаларды және жабынқыштарды, кәріз люктерін, тротуар және қаптайтын қыш тақтайшалар шығару
		«ЭКО-плюс» ЖШС, Орал қ.	Тротуар қыш тақтайшалар
		«Глухова Л.М.» ЖК, Орал қ.	Қайталама шикізат
		«Туранпромресурс» ЖШС, Орал қ.	Гранулдар
2	Полиэтилен	«ЭКО-плюс» ЖШС, Орал қ. «Глухова Л.М.» ЖК, Орал қ.	Қайталама шикізат
3	Макулатура (қағаз, картон)	«ЭКО-плюс» ЖШС, Орал қ. «ВТС Уральск» ЖШС, Орал қ. «Борисов Д.Г.» ЖК, Орал қ. «Куксова Е.М.» ЖК, Орал қ. «Глухова Л.М.» ЖК, Орал қ. «Усенов А» ЖК, Орал қ.	Қайталама шикізат
4	Шыны	«ЭКО-плюс» ЖШС, Орал қ.	Қайталама шикізат

5	Резеңке (пайдаланылған шиналар және резеңке техникалық бұйымдар)	«Губер С», ЖК, Орал қ. «Арктур» ЖШС, Орал қ.	Резеңке үгінділері
6	Металдар (металл сынықтары, алюминий банкілер)	«ЭКО-плюс» ЖШС, Орал қ.	Қайталама шикізат
7	ЭЭЖҚ	«Туранпромресурс» ЖШС, Орал қ.	Фракциялар бойынша бөлу
		«Талап» АҚ, Орал қ. (сынап шамдар)	Демеркуризация
8	Су негізіндегі бұрғылау шламы	«СТН» ЖШС, Орал қ.	Техногенді топырақ

**Қарағанды облысы**

№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Кәсіпорын атауы	Шығарылатын өнімнің атауы
1	Пластик (ПЭТ-ыдыс, ПЭТ- қаптауыш, пластмасса)	«ТТК» ЖШС, Теміртау қ.	Кәріздік люктер
		«ГорКомТранс» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат, ПЭТ-қауыдары
		«Элоим – ЛТД» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
2	Полиэтилен	«ТТК» ЖШС, Теміртау қ.	Қайталама шикізат
		«ГорКомТранс» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
3	Макулатура (қағаз, картон)	«ТТК» ЖШС, Теміртау қ.	Қайталама шикізат
		«ГорКомТранс» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
4	Шыны	«ГорКомТранс» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
5	Резеңке (пайдаланылған шиналар және резеңке техникалық бұйымдар)	«Ecoindustry» ЖШС, Қарағанды қ.	Резеңке үгінділері
		«КазРемШина» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
		«Промотход Казахстан», Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
6	Металдар (металл сынықтары, алюминий банкілер)	Теміртау түстімет МӨК, Теміртау қ.	Қайталама алюминий
		«ТТК» ЖШС, Теміртау қ.	Қайталама шикізат
		«ГорКомТранс» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
7	ЭЭЖҚ	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ. (сынап шамдар)	Қайталама шикізат
8	Аккумуляторлар	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Қайталама шикізат
9	Құрамында сынабы бар қалдықтар	«Инновация» ЖШС, Қарағанды қ.	Демеркуризациялау нәтижесінде пайда болған сынап сульфиті аз еритін болып табылады
10	Болатты балқытатын конверторлы шлак	«Лира» фирмасы ЖШС, Қарағанды қ.	Деректер жоқ
11	Тұрақты/қатты қалдықтар (залалсыздандырылған)	«Чистый дом» фирмасы ЖШС, Қарағанды қ.	Деректер жоқ



	шыны сынап қалдықтары)		
11	Майлы шүберек, үгінділер, жоңқа	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
12	Мазутталған топырақ	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Термодеструкция
		«Баджранг» ЖШС	Зиянсыз тазаланған топырақ
13	Мұнай шламы	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Термодеструкция
14	Пайдаланылған майлар	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
		«Трек», ЖШС, Теміртау қ.	Регенерация
15	Спирт негізіндегі мұнай өнімдерінің және еріткіштердің қалдықтары	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
16	Лак бояуларының қалдықтары және олардан босаған ыдыстар	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
17	Автомобиль сүзгілері	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
18	Медициналық қалдықтар, мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
		«Реквием С» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температуралы пиролиз
19	Жеке қорғаныш құралдарының қалдығы (ЖКҚ)	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Жоғары температурада жағу
20	Қағаздар мен картон қалдықтары	«Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ.	Үгіту
21	ҚТҚ	«ТТК» ЖШС Теміртау қ.	Қайталама шикізат
22	Доменді шлак	«Водоканал строй» ЖШС, Қарағанды қ.	Қалдықсыз технология бойынша жылу ұстағвш минералды тақтайшаларды өндіру
